

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен
тыс жалпы жиналышының**

ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышы (бұдан әрі – «Жиналыш») 2017 жылдың 14 ақпанында 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, акт залы, 3-қабат мекен-жайында 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17.

Қоғамның заң департаментінің директоры Оразбеков Марлен Армияұлы Жиналыштың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының төрайымы Нұрмагамбетова Ләззат Қалыбекқызына сөз берді.

Есеп комиссиясының төрайымы 2017 жылғы 13 қантардағы (23 сағат 59 минут) жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, оның ішінде артықшылықты акциялар – 4 136 107 дананы, жай акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын хабарлады.

Қоғамның Жиналышында мыналар тіркелді:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тараپынан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 дауыс беруші акциялардың иесі Теберіков Дамир Даңилбекұлы (2017 жылғы 17 қантардағы № 110-39 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas-тан («ҚазМұнайГаз» БӘ» АҚ депозитарлық банкі) Қоғамның 70 097 613 ауқымды депозитарлық сенімхатын құрайтын 11 682 902 қарапайым акцияларын білдіретін Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2017 жылғы 8 ақпандығы номірсіз сенімхат бойынша) қатысты.

Жиыны: Жиналышқа қатысу және онда дауыс беруге құқығы бар Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 80,9 %-ға ие акционерлердің 2 өкілі, тіркелді және қатысты.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңы (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Зан) 45-бабының 1-тармағының негізінде егер жиналышқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сэтке акционерлердің тізіміне енгізілген, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиыны қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер мен олардың өкілдері тіркелсе акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібінің мәселелері бойынша қаруға және шешім қабылдауға құқылы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, акционерлердің жылдық жалпы жиналышын өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

М.А. Оразбеков Қоғам Жиналышының төрағасы етіп – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департамент директорының орынбасары Теберіков Дамир Даңилбекұлын сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.



Дауыс бергендер:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының төрағасы болып «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департамент директорының орынбасары Теберіков Дамир Данилбекұлы сайлансын.

М.А. Оразбеков Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осылан байланысты Қоғам Жиналысының хатшысы етіп – Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиеев Айдар Нұрланұлын сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиеев Айдар Нұрланұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.

М.А. Оразбеков Жиналыстың Төрағасы Д.Д. Теберіковқа сөз берді.

Одан кейін, Жиналыстың төрағасы Қоғамның Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заны 50-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына: 1) Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әр адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізуіндегі процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру жағдайларын қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.


Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заны 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Теберіков Жиналыстың регламентін айқындау мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының хатшысы А.Н. Жексенбиеевке сөз берді, ол күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.



Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдан» - 1 дауыс;
 - «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
 - «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналышының мынадай жұмыс регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссыздарде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Теберіков Жиналыстың регламентін айқындау мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. А.Н. Жексенбиев 2016 жылғы 13 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы акпараттық хабарлама 2016 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар түскен жок.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен өтемақылар төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Қойылған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 54 769 908 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдан» - 54 769 908 дауыс;
 - «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
 - «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Жиналыштың мынадай күн тәртібі бекітілсін;

Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналышының Төрағасы Д.Д. Теберіков Жиналыштың регламентін айқындау мәселесі бойынша Қоғам Жиналышының хатшысы А.Н. Жексенбиеvке сөз берді.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу жатады.

Қоғамның директорлар кеңесінің бастамашылығымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының қарауына Қоғамның тәуелсіз атқарушы емес директорларына (бұдан әрі - ТАД) сыйакы төлеу шарттарын қайта қарау туралы мәселе енгізіліп отыр.

ТАД-қа сыйақы төлеу соңғы рет 2010 жылы 6 жыл бұрын қаралған болатын. Ол кезде бұл мәселе жаңадан ТАД іздестіруге байланысты қайта қаралған еді және ол сәтте 2010 жылдағы жағдай бойынша сыйақы беру IPO басталғаннан бері 4 жыл бойы қайта қаралмаған. IPO басталу сәтіне және 2010 жылы ТАД сыйақылары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ-ның ТАД (бұдан әрі – ҚМГ ҰК ТАД) сыйақысынан едәүір жоғары деңгейде белгіленді, себеби: Қоғамның ТАД Лондонның кор биржасындағы АЛК листингіне



байланысты елеулі реттеуші міндеттемелері, сондай-ақ миноритарлық акционерлердің мұдделерін қорғау жөніндегі белгілі бір міндеттемелері бар болды. ҚМГ ҰК ТАД, керісінше, ондай реттеуші міндеттемелері жоқ және «Самұрық-Қазына Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ жалғыз акционер болып табылады.

2010 жылдан бастап ТАД міндеттемелері (сондай-ақ уақыт шығындары): 2014 жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) тарапынан болжалды қосып алудың; мұнайды ішкі беруге арналған бағаларға қатысты 2015 жыл ішіндегі ұзак уақытқа созылған даудың; 2016 жылы ҚМГ ҰК тарапынан оның нәтижесінде миноритарлық акционерлердің мұдделерін қорғаудың күшін әлсіреттің Өзара қарым-қатынастар туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасалуының нәтижесінде анағұрлым ұлғайды. Аталған елеулі фактілер ТАД-тың маңызды рөл атқаратының және соңғы уақытта өз еркінен тыс қорғанушылық позиция ұстануға мәжбүр екенін көрсетеді. Ондай міндеттемелерді орындаудағы беделге зиян келтірілудің жоғары тәуекелі үшін айтарлықтай қаржылық көтермелеусіз ТАД рөліне көптеген кандидаттарды мұндай қызметтік міндеттемелерден бас тартқызады.

ТАД-ка 2014 жылғы болжалды біріктіріп алуға байланысты қосымша уақыт шығындары үшін және «Компания беретін шикі мұнайдың бағасы оның өзіндік құнына тең плюс 3%» деген ұстанымды қорғау жөніндегі жұмыс үшін және 2016 жылы Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы барысында ұсыныс жасалған кездегі миноритарлық акционерлердің мұддесін табысты қорғағаны үшін қосымша өтемақы төленген жоқ. Болжалды қосып алу мен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысындағы ұсыныстардың нәтижесінде ТАД миноритарлық акционерлердің көпшілігінің құрметіне және әлемдік баспасөзде Қазақстан Республикасындағы корпоративтік басқарудың тиімді қорғаушылары ретіндегі беделге ие болды. Олар Қоғамның бағалы активі болып табылады.

ҚМГ ҰК ТАД сыйақылары 2014 жылы елеулі түрде ұлғайды. Нәтижесінде, олардың негізгі сыйақыларын және комитеттерге қатысқаны үшін сыйақыларын назарға алатын болсақ, олардың жалпы сыйақы мөлшері екі есеге ұлғайтылды (ҚМГ ҰК ТАД сыйақы мөлшерінің ұлғайғаны туралы егжейлі-тегжейлі ақпаратты ашық түрде алуға және олардың 2013 және 2014 жылдардағы сыйақыларымен салыстыруға болады).

Рекрутингтік агенттіктермен алдын ала талқылаулар Қоғамда жақында орын алған жағдайлардың нәтижесіндегі жағымсыз бет-бейнесін қоса алғанда ҚМГ ҰК мен Қоғамның арасындағы шиеленісті қарым-қатынастар ТАД-ты лайықты орын алмастыруышы ретінде тартқан жағдайда елеулі қаржылық көтермелеудің қажеттігін көрсетеді.

Сыйақы жөніндегі жаңа ұсыныстың міндеттері

Қоса беріліп отырған сыйақы төлеу жоспары: а) ТАД-тың негізгі сыйақысының мөлшерін ұлғайтуды; ә) ҚМГ ҰК комитеттерінің сыйақы төлеу құрылымын көрсетуді; б) халықаралық корпоративтік басқару кодекстерінің талаптарына сәйкес «Аға тәуелсіз директор» рөлін қолдауды; в) ондай кездесулер мен мәжілістер директорлар кеңесінің мәжілістерімен сәйкес келмеген жағдайда Самұрық-Қазынаның мәжілістерінде және қазақстандық өкімет органдарының өкілдерімен кездесулерге қатысады төленетін сыйақының құрамына кіргізуді; г) кезекті қосып алу немесе корпоративтік басқару мәселелері бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген жағдайдағы қосымша жұмысы үшін ТАД-қа өтемақы төлеу механизмінің болуын қамтамасыз етуді көздейді.

Сыйақы жөніндегі қайта қаралған ұсыныс 2016 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енуі тиіс, осылайша, ТАД-ка Қоғам акционерлерінің тамыз айында өткізілген кезектен тыс жиналысына байланысты жүргізген жұмыстары үшін сыйақы төленеді және олардың сыйақылары 2010 жылдан бері қайта қаралмағаны расталады. Нәтижесінде, негізгі сыйақы мен комитеттерге қатысқаны үшін, сондай-ақ жоғарыда аталған Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жөніндегі жұмысы үшін сыйақыны қоса алғанда, 2016 жыл үшін жинақталған сыйақы төленетін болады.

Бұл өзгерістерді Қоғамның директорлар кеңесі алдын ала келісті (13.12.2016ж. № 46 шешім).



Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 54 769 908 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 8 324 820 дауыс;
- «Қарсы» - 46 430 364 дауыс;
- «Қалыс» - 14 724 дауыс.

Жиналыс күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім қабылданған жоқ.

Күн тәртібінің мәселесі қаралғаннан кейін Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Теберіков акционерлерге жиналысқа қатысқаны үшін алғысын білдірді және жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның жиналысы 11 сағат 00 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Теберіков

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

А. Жексенбиев

Есеп комиссиясының мүшелері:

Л. Нұрмажетова

Г. Аяганова

А. Әлиакпарова

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Д. Тебериков

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

А. Аманжолова

